

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.М. Жамаловқа

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Д.К. Әлімбаевқа

2022 жылғы 2 наурыздағы
ДЗ-75 депутаттық сауалға

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Құрметті Данияр Кенғазыұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Сіздердің 2022 жылғы 2 наурыздағы №ДЗ-75 депутаттық сауалыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Теңгенің айырбастау бағамына қатысты бірінші мәселе бойынша

Еркін өзгермелі айырбастау бағамының қолданыстағы режимі сұраныс пен ұсыныс балансы арқылы нарықтық қағидаттар негізінде теңге бағамын қалыптастыруды білдіреді. Ұлттық Банк айырбастау бағамының белгілі бір деңгейіне қол жеткізу мақсатында валюталық интервенция жүргізбейді.

Сауда-экономикалық өзара байланыстардың тығыз болуына қатысты теңге бағамын белгілеуде рубльдің ықпалы айқын байқалады. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылады. Ресей Федерациясы – біздің негізгі сауда әріптесіміз, оның үлесіне 2021 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық импорттың 42%-ы тиесілі.

Орын алған геосаяси оқиғалар аясында Ресей рублінің бұрын-соңды болмаған құбылмалылығы байқалып, теңгеге қысым жасауда және Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы үшін тәуекелдер тудырып отыр.

Ұлттық Банк теңгенің Ресей рублімен ұқсас серпінін негізсіз және түбегейлі бекітілмеген деп санайды, өйткені біздің валютамыз үшін сыртқы, сол сияқты ішкі жағдайлар қазіргі Ресей валютасына ықпал ететін талаптардан мүлде ұқсамайды.

Осыған байланысты рубльдің шамадан тыс ауытқуының теңгеге негізсіз әсер етуін төмендету мақсатында Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген валюталық интервенцияларды жүргізеді.

Ұлттық Банктің ағымдағы жағдайларда валюта нарығына қатысуы мәжбүрлі шара болып табылады, өйткені жекелеген кезеңдерде шетел валютасын сатушылардың болмауы не санының шектеулі болуы байқалады, бұл нарықтың қалыпты жұмыс істеуіне теріс әсер етеді.

Сыртқы факторлардың нашарлауы жағдайында биржалық сауда-саттықтың жабылуы нарықтық қатысушылар тарапынан үрей туғызып, алыпсатарлық әрекеттердің одан әрі өршуіне алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда импорттаушылар шетел валютасын сатып ала алмайды, өйткені құбылмалылық пен белгісіздіктің арту кезеңінде, әдетте, валюта нарығында шетел валютасының шектеулі ұсынысы байқалады, бұл ауыр салдарларға әкелуі мүмкін.

Ұлттық Банк Қазақстан қор биржасымен бірлесіп мәмілелердің ықтимал көлемін барынша ұлғайтуға мүмкіндік беретін және негізсіз құбылмалылықтың алдын алуға бағытталған Франкфурт аукционы тетігін әзірледі. Мәселен, 28 ақпанда және 9 наурызда сыртқы геосаяси факторлар тарапынан валюта нарығына қысымды азайту мақсатында теңге - АҚШ доллары валюта жұбының биржадағы сауда-саттығы Франкфурт аукционы форматында өтті.

Бұл ретте Ұлттық Банк айырбастау бағамының еркін өзгеру қағидаттарын ұстанатынын атап өтеміз. Теңге бағамы бұдан былай да іргелі факторлардың әсерінен қалыптасатын болады, бұл ретте қысқа мерзімді перспективада теңгенің құбылмалылығы геосаяси ахуалдың дамуына, ішкі қатысушылардың күтулеріне және әлемдік нарықтардағы серпінге де байланысты болмақ.

Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасына қатысты екінші мәселе бойынша

Президент өз мәлімдемесінде, оның ішінде әлеуметтік сала бойынша жариялаған ел дамуының басым бағыттары салалық министрліктер атынан Үкіметтің басым рөлі бар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жүйелі және ұзақ мерзімді стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) арта түскен геосаяси тәуекелдер және қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың өсуі аясында қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге қажетті шұғыл және кезек күттірмейтін дағдарысқа қарсы шара ретінде жарияланды.

Бағдарлама жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақыны (сыйлықақыны) есептеуді көздейді және теңгедегі депозиттерінің тартымдылығын арттыру есебінен халықтың жинақ ақшасына бағамдық ауытқулардың әсерін азайтуға және банк секторын қорландыру базасын тұрақтандыруға бағытталған. Бұл шара долларландырудың өсуін тежеу есебінен Қазақстанның қаржы нарығына тұрақтандырушы әсер етуге арналған.

Геосаяси ахуалдың шиеленісуі жағдайында Бағдарламаны іске асыру банк секторының өтімділігін қолдауға, сондай-ақ теңгедегі депозиттердің тартымдылығын арттыруға бағытталған қажетті шара болып табылады.

Бағдарламаның өлшемдері мен талаптары Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті салымшылардың қамтылуы мен бюджет шығыстарының оңтайлы арақатынасын көздейді. Салымдарды талдау 2022 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Бағдарламаның қолданысына жататын шоттардың шамамен 93%-ы 3 млн теңгеден аспайтын салымдарды құрайтынын көрсетті, бұл ретте 1 млн теңгеге дейінгі салымдарды қамту шамамен 84%-ды құрайды.

Сондай-ақ өтемақыны есептеу үшін қабылданатын салымдағы қаражаттың ең көп көлемінің шектелуіне (20 млн теңгеге дейін) байланысты өтемақыны есептеу үшін нақты база салымдардағы қалдықтардың жалпы сомасынан төмен болады. Бұл ірі салымшылар үшін өтемақының ең жоғары мөлшерін шектейді және соның салдарынан Бағдарлама мерзімі аяқталғаннан кейін өтемақы төлеуге бағытталатын бюджет қаражатының жалпы көлемін төмендетеді. Бұдан басқа, өтемақының нақты көлемі Бағдарлама мерзімі ішінде депозиттерден алу есебінен де төмен болуы мүмкін.

Жоғарыда жазылғанды ескере отырып, ағымдағы қолайсыз жағдайларда қаржылық және баға тұрақтылығын қолдауға ерекше назар аудару қажет деп санаймыз. Бағдарламадан бас тарту ұлттық валютаға деген сенімнің жоғалуына, валюталық артықшылықтардың өзгеруіне, тиісінше долларлану деңгейінің күрт өсуіне алып келуі мүмкін.

Төраға

Ғ. Пірматов

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ _____

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Жамалову А.М.

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Алимбаеву Д.К.

на депутатский запрос ДЗ-75 от 02.03.2022 года

Уважаемый Аманжан Макаримович!

Уважаемый Данияр Кенгазыевич!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев Ваш запрос №ДЗ-75 от 02.03.2022 года, сообщает следующее.

По первому вопросу касательно обменного курса тенге

Действующий режим свободно плавающего обменного курса подразумевает формирование курса тенге на основе рыночных принципов через баланс спроса и предложения. Национальный Банк не проводит валютные интервенции с целью достижения определенного уровня обменного курса.

Ввиду тесных торгово-экономических взаимосвязей в курсообразовании тенге определенно присутствует влияние рубля. Казахстан является членом Евразийского экономического союза. Российская Федерация – наш ключевой торговый партнер, на долю которого по итогам 2021 года приходится 42% казахстанского импорта.

На фоне происходящих геополитических событий наблюдается беспрецедентная волатильность российского рубля, что оказывает давление на тенге и создает риски для финансовой стабильности Казахстана.

Национальный Банк считает неоправданной и фундаментально не подкрепленной аналогичную динамику тенге с российским рублем, потому что условия, как внешние, так и внутренние, для нашей валюты кардинально отличаются от тех условий, в которых функционирует сейчас российская валюта.

В этой связи, в целях снижения необоснованного влияния избыточных колебаний рубля на тенге Национальный Банк проводит валютные интервенции, предусмотренные Законом Республики Казахстан «О Национальном Банке Республики Казахстан».

Участие Национального Банка на валютном рынке в текущих условиях является вынужденной мерой, так как в отдельные периоды отмечается отсутствие либо ограниченное количество продавцов иностранной валюты, что крайне негативно отражается на нормальном функционировании рынка.

Закрытие биржевых торгов в условиях ухудшения внешних факторов, может привести к дальнейшей эскалации панических настроений и спекулятивных действий со стороны рыночных участников. В этом случае импортеры не смогут купить иностранную валюту, так как в периоды повышенной волатильности и неопределенности, как правило, на валютном рынке наблюдается ограниченное предложение иностранной валюты, что также может привести к критическим последствиям.

Национальным Банком совместно с Казахстанской фондовой биржей разработан механизм франкфуртского аукциона, позволяющий максимизировать возможный объем сделок, и нацеленный на предотвращение необоснованной волатильности. Так, 28 февраля и 9 марта в целях минимизации давления со стороны внешних геополитических факторов на валютный рынок биржевые торги валютной парой тенге-доллар США проводились в формате франкфуртского аукциона.

При этом отмечаем, что Национальный Банк остается приверженным принципам свободного плавления обменного курса. Курс тенге и дальше будет формироваться под воздействием фундаментальных факторов, при этом в краткосрочной перспективе волатильность тенге будет также зависеть от развития геополитической ситуации, ожиданий внутренних участников и динамики на мировых рынках.

По второму вопросу касательно программы защиты тенговых вкладов

Приоритетные направления развития страны, озвученные Президентом в своем обращении, в том числе в социальной сфере, являются частью последовательной и долгосрочной стратегии социально-экономического развития страны с приоритетной ролью Правительства в лице профильных министерств. Программа защиты тенговых вкладов (далее – Программа) же была анонсирована как срочная и немедленная антикризисная мера, необходимая для обеспечения стабильности финансового сектора на фоне возросших геополитических рисков и роста волатильности на финансовых рынках.

Программа предусматривает начисление компенсации (премии) по депозитам физических лиц в тенге и направлена на сглаживание влияния курсовых колебаний на сбережения населения и стабилизацию базы фондирования банковского сектора за счет повышения привлекательности тенговых депозитов. Данная мера призвана оказать стабилизирующий эффект на финансовый рынок Казахстана за счет сдерживания роста долларизации.

В условиях обострения геополитической ситуации реализация Программы является необходимой мерой, направленной на поддержание ликвидности банковского сектора, а также повышение привлекательности тенговых депозитов.

Параметры и условия Программы предполагают оптимальное соотношение охвата вкладчиков и расходов бюджета, необходимых для реализации Программы. Анализ вкладов показал, что по состоянию на 1 февраля 2022 года порядка 93% счетов, попадающих под действие Программы, составляют вклады не более 3 млн. тенге, при этом охват вкладов до 1 млн. тенге составляет порядка 84%.

Также, ввиду ограничения максимального объема средств на вкладе (до 20 млн. тенге), принимаемого для расчета компенсации, фактическая база для расчета компенсации будет ниже общей суммы остатков на вкладах. Это ограничивает максимальный размер компенсации для крупных вкладчиков и, как следствие, понижает общий объем средств бюджета, который будет направлен на выплату компенсации по истечению срока Программы. Кроме того, фактический объем компенсации также может сложиться ниже за счет снятий с депозитов в течение срока Программы.

Учитывая вышеизложенное, считаем, что в текущих неблагоприятных условиях необходимо уделять особое внимание поддержке финансовой и ценовой стабильности. Отказ от Программы может привести к потере доверия к национальной валюте, смене валютных предпочтений и, соответственно, резкому росту уровня долларизации.

Председатель

Г. Пирматов